



Тапсырма 1. Топтық жұмыс

8-сыныпта «Физика» пәнінің электр тогы туралы тақырыбында ток күшінің кернеу мен кедергіге тәуелділігі ($I=U/R$) жайлы деректер кесте түрінде берілген (ең қарапайым реляциялық ДБ). Осы кестені дерекқор ретінде қалай өңдейміз?

Ток күші(А)	Кернеу (В)	Кедергі (Ом)
11,0	220	20
7,0	210	30
5,0	200	40
3,8	190	50
3,0	180	60
2,4	170	70
2,0	160	80
1,7	150	90
1,4	140	100
1,2	130	110
1,0	120	120
0,8	110	130



Тапсырма 2. ФС тапсырмасы.

Өздеріңнің күнделікті тұрмыстағы қажеттіліктеріңе байланысты иерархиялық және кестелік деректер базасын құрыңдар. Сыныптың құрылымы, оқулық пен оқу құралдары



Тапсырма 3. Компьютерде орында Мәтін мазмұны бойынша кесте құр.

«Мектеп кітапханасындағы жаңа кітаптар»

2025 жылдың қазан айында Шымкент қаласындағы №25 мектеп кітапханасына 15 жаңа кітап түсті. Кітаптар әртүрлі жанрда: көркем әдебиет, ғылыми танымдық, поэзия және балаларға арналған ертегілер. Әр кітаптың авторы, шыққан жылы және қолжетімділік жағдайы тіркелді. Кітапханашы Айгүл апай оқушыларға ыңғайлы болу үшін деректер базасын электрондық кесте түрінде жасауды ұсынды.


Мысалы:

«Абай жолы» – авторы М.Әуезов, жанры – көркем әдебиет, шыққан жылы – 2020, қолжетімді – Иә

«Ғалам құпиясы» – авторы А.Қалмұрат, жанры – ғылыми танымдық, шыққан жылы – 2023, қолжетімді – Жоқ

«Балаларға базарлық» – авторы С.Жүніс, жанры – ертегі, шыққан жылы – 2022, қолжетімді – Иә

«Жүрек сөзі» – авторы А.Шоманов, жанры – поэзия, шыққан жылы – 2021, қолжетімді – Иә



Тапсырма 4. Chat gpt

Жасанды интеллект құралын пайдаланып, спорттық жарысқа қатысқан оқушылардың нәтижелері туралы деректер жиынын генерацияла (мысалы: оқушы аты, сыныбы, спорт түрі, ұпай саны, орын).

Генерацияланған деректерді электрондық кестеге енгіз.

Кестені деректер базасы ретінде пішімде:

Бағандар: №, Аты-жөні, Сыныбы, Спорт түрі, Ұпай, Орын

Ұпайды сандық форматта, орынды реттік форматта көрсет.

Сұрыптау: Ұпай саны бойынша кему ретімен.

Сүзгілеу: Тек 1–3 орын алған оқушыларды көрсет.

Қорытынды: Қай сыныптан ең көп жеңімпаз шықты?



Тапсырма 5

Сілтемеге өтіп немесе
кюар кодты
сканерлеп
тапсырманы орында



Қорытынды:

1. Жазба, Өріс деген не?

2. Ауқым дегеніміз не?

3. Тізім дегеніміз не?

4. Форма диалогтік терезесінің қызметі қандай?

5. Форма диалогтік терезесін қалай Жылдам қол жеткізу панеліне қосуға болады?

6. Форма диалогтік терезесінің батырмалары қандай қызмет атқарады?

7. Деректерді сыртқы көздерден қалай импорттауға болады?



Үйге тапсырма

«Отбасылық шығындар» тақырыбында
деректер базасын құру

